

**КООПЕРАТИВТЕР - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ  
ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ**

# COOPERATIVES AS ORGANIZATIONAL AND LEGAL FORM IN AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

**Keywords:** agricultural cooperative, organizational differences, normative and legal documents, profit, management bodies.

қаңағаттандыру мақсатында құрылған түрлі ауылшаруашылық кооперативтері мен олардың одақтарының жүйесі.

Ауылшаруашылық кооперациясына ел экономикасында өз орыны болу тиісті. Оған бір қатар себептер бар. Алдымен, ата заманан бері ауыл шаруашылығы халқымыздың өмір сүру салтының азық-түлік қауіпсіздігінің негізі екенін еске алайық. Оның тұрақты дамуына өндірістік, өткізу, жеткізу, ақпараттық-қамту инфрақұрылымдарын жетілдіру қажет. Қала тұрғындарына, ауыл тұрғындарына, әлемдік нарыққа сапалы өнімдер қажет. Сондықтан сапалы ауылшаруашылық тауарларды өндіру кооперативтерін құру және неғұрлым қызығушылық білдіретін мүшелерді құрамына тартып, жеткілікті пайлық қор құру қажет.

Екіншіден, әлемдік дамыған елдер экономикасында ауылшаруашылық кооперативтердің саны тұрақты және көбеюде. Мысалы, АҚШ ауыл шаруашылығында 29 мың кооперативтер бар, олардың тарихында алғаш кооперативтері XVIII ғ. бастап дамып келеді және қазіргі кезде саны жағынан жабдықтау және маркетинг кооперативтері басым.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болуы, ауылшаруашылық тауар өндірушілерінен бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Тек тұрақты шаруашылықтар ғана осы жаңа бетбұрысқа төзе алады. Өсімдік, мал шаруашылығының импорты 2014 жылы базистік жылмен салыстырғанда 10%-ға өскен, ал экспорт тек 3%-ға көтерілген. Шаруа қожалықтары өсірген өнімдерін, мысалы бидай дақылдарын, өздігімен экспорттауға күштері жеткіліксіз болған соң аз табысқа иеленуде. Бұл мәселені бірыңғай шешу үшін кооперативтер өз үлесін айтарлықтай қосады деп ойлаймыз.

Үшіншіден, ауылшаруашылық өнімді шығаратын ауыл тұрғындардың саны 2005-2013 жж. 2,8 есеге қысқарған. Шаруа қожалықтары мен жеке шаруашылықтар біріксе бұл мәселені бірлесіп шешуге болар еді. Әрбір құрылған кооперативке басшы, бухгалтер, аудитор, жұмысшылар қажет. Оларды дайындау және біліктілігін көтеруге қомақты қаржы керек, жеке шаруашылықтарда ондай мүмкіндік жоқ.

Дамыған елдердегі кооперативтердің тарихымен таныса келе олар дағдарыс кездерінде тұрақтану үшін ұйымдық формасы ретінде қалыптасқанын байқаймыз.

Біздің аграрлық экономикаға ауылшаруашылық кооперативтердің құрылып тиімді қызмет етуі ауылдық жерлерде жұмыспен қамту, ауылдық жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, оның тұрғындарының түрлі мәселелерін шешу үшін, шаруа қожалықтарына технологиялық үрдісті сапалы деңгейде іске асыруға, азық-түлік мәселесін шешу үшін халыққа да мемлекетке де пайдасы айтарлықтай екеніне күмән жоқ.

Ауылшаруашылық кооперативтері Кеңес Одағы кезінде ауыл шаруашылығының дамуын жақсарту, мүмкіндіктерін кеңейту, оның шоғырлану деңгейін көтеретін және совхоздар

мен колхоздардың экономикалық, әлеуметтік жағдайларын теңестіру үшін ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыру формасы ретінде қарастырылған [1].

1985-1990 жылдары шаруашылықты жүргізудің мемлекеттік емес алғашқы формалары ретінде кооперативтік нысандар құрыла басталды. 1988 жылы «ҚСРО-да кооперация туралы» Заңның қабылдануы мемлекетте өндіріс, қызмет көрсету салаларында әр түрлі кооперация формаларын қайта жаңдандыруға және тұрақтандыруға жол ашты.

Тәуелсіз Қазақстанның ауыл шаруашылығында кооперацияның дамуы әр қилы. Алғашқы кооперацияның нормалары ҚР Жоғары Кеңесінің 1994 ж. 27 желтоқсан Қаулысымен іске қосылған Азаматтық Кодексте жарияланған. Ауыл шаруашылығында өндірістік қатынастарды реттеу қажеттілігімен 5 қазан 1995 жылы № 2486 «Өндірістік кооператив туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Кейін кооперацияға байланысты төрт заңдар қабылданды: «ҚР-ғы селолық тұтыну кооперациясы туралы» (1999 ж.), «Ауыл шаруашылық серіктестіктер және олардың ассоциациялары (кеңестері) туралы» (2000 ж.), «Тұтыну кооперативі туралы» (2001 ж.), «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» (2003 ж.).

«ҚР-ғы селолық тұтыну кооперациясы туралы» (1999 ж.) Заңының 5 тарау 45 баптың 7-ші бөлімі бойынша селолық тұтыну кооперативі алған табысты оның мүшелері арасында бөле алмайды, ол жарғылық мақсаттарға жіберіледі деп көрсетілген.

Әрине, ауылшаруашылық кооперацияны дамыту үшін заң нормалары өте қажет, бірақ жаңа заң кооператорларға түсінікті және тиімді механизмдерді бермесе оның қажеттілігі азаяды, сондықтан олардың формасын емес мазмұнын жетілдіру қажет. Экономикалық және әлеуметтік даму Ұйымы сарапшыларының ұсыныстары бойынша кооперативтер туралы бір ортақ заң қажет және кооператив коммерциялық ұйым ретінде құрылу тиіс делінген. Осыған орай 2015 жылдың 29 қазанында «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» жаңа Заңы жарыққа шықты. Оның негізгі жаңашылығы ауыл шаруашылығында кооперацияның бір ғана формасын құру (өндірістік кооператив) және оны коммерциялық ұйымдар қатарына кіргізу болды.

АҚШ-ың заңдары бойынша екі меншік түрлері бар: мемлекеттік және жеке меншік. Оларда өндіріс құралдарын бірігіп иелену корпоративтік болып аталып, шаруашылықтың формалары - серіктестік және корпорациялар деп бөлінген. Корпорациялар серіктестікке қарағанда салықты көбірек төлейді, бірақ корпорацияның міндеттемелері бойынша жауапкершілігі шектеулі және қызметкерлердің

## Развитие кооперации, рынок средств производства

әлеуметтік сақтан-дыруына міндетті алымдарды қажет етпейді [2,3].

Қазақстандық заңнамасы бойынша меншік мемлекеттік және жеке болып бөлінеді. Кооперативтік меншік жеке меншік тобына жатады. Пай қоры кооперативтің қызметінің көлеміне байланысты оны құруға және қызмет етуіне жеткілікті көлемде құрылып, оның Жарғысында белгіленеді.


Республикада серіктестіктер және акционерлік қоғамдар (корпорациялар) туралы заң бар. Кооперативтің оларға қарағанда айырмашылығы, демократиялық дәрежесі жоғары (бір мүше-бір дауыс), табысты бөлу, жаңа мүшелерді қатарға алу, шығару сияқты көлемді мәселелер жалпы жиналыста шешіледі және мүшелердің жарғылық капиталдағы үлесіне байланысты болмайды [4].

Кооперативтердің жақсы дамуына мемлекеттік ынталандыру және насихаттау саясаты оңтайлы ықпал етеді. Мысалы, нарықтық экономикаға көшу кезінде колхоздар мен совхоздар жекешеленіп, ұжымдық кәсіпорын-

дар ретінде қайта құрылып, содан соң шаруа қожалықтары, ауылшаруашылық серіктестіктері түрінде қызмет атқаруда. Оған себеп болған мемлекеттік саясат, әсіресе мемлекеттік қолдау, салықтық және тағы да басқа жеңілдіктердің болуы.

Республикадағы ауылшаруашылық тауар өндірушілердің мәселелері – өнімді өткізу, техниканың тозуы, субсидияларға қол жетімсіздігі. Осылардың шешімі - ауылшаруашылық тауар өндірушілері бірігіп кооперативтер құруда.

Ауылшаруашылық кооперация Қазақстанда өндірістік кооперативтер, селолық тұтыну кооперативтері, су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативтері түрінде 2016 жылдың 1-шы қантарына дейін дамып келеді. Төменгі суретте өндірістік кооперативтердің саны көрсетілген. Кооперативтердің даму динамикасын зерттеу статистикалық жинақтарда, есептерде мәліметтердің жетіспеушілігіне байланысты қазіргі уақытта қиындық туғызып отыр.



Сурет. Өндірістік кооперативтер саны

Өндірістік кооперативтердің саны 1990 жылдардан бастап 2 есеге азайған, ал селолық тұтыну кооперативтері 1999 жылдан бастап құрыла басталды, олардың саны мемлекеттік қолдау арқасында 1,5 есеге көбейді. Ауыл шаруашылығы Министрлігі деректері бойынша 2015 жылдың 1-ші маусымына 1481 ауылдық тұтыну кооперативтері тіркелген. Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативтері 2003 жылдан бері қазіргі кезеңге дейін 346-ға жетті. Кооперативтердің саны, сонымен бірге шаруа қожалықтардың саны Қазақстанның оңтүстік өңірінде көбірек тараған (Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары). Бірақ кооперативтерге айтарлықтай мемлекеттік қолдау болмағасын бұл кооперативтер түрлері дұрыс дамыған жоқ [5, 6].

2016 жылдың 1 қантарынан еңген «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңына сәйкес, елдегі барлық оған дейін құрылған

кооперативтер енді ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері ретінде қайта тіркеуден өтуі қажет. Кооперативтің жаңа түрінің айырмашылығы коммерциялық ұйым ретінде танылып, ауыл шаруашылығына қажетті барлық қызмет түрлерін біріктіріп, бір кооператив түріне қалыптастырылды, яғни ауылшаруашылық өндірістік кооперативіне.

2014 жылдың деректері бойынша шаруа қожалықтардың ауыл шаруашылық субъектілердің жалпы жер алаңында үлес салмағы 22%, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінде - 14% тең. Ал ауыл шаруашылық кооперативтердің жер көлемі тек 2485, 5 мың.га немесе 0,9% құрайды. Оның ішінде 1800,4 мың.га жайылымдар, ал айдалған жер және шабындықтардың үлес салмақтары салыстырмалы түрде аз.

ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігі 2016 жылдың сәуір айы деректері бойынша 2046

[illegible]

ҚР-да қызмет етіп жатқан ауылшаруашылық кооперативтерінің ұйымдастырушылық-құқықтық ерекшеліктерін төмендегі кестеде қарастырамыз.

| Кооператив түрі                       | Табыстың бөлінуі                                                                                                                                                                                                                     | Басқару органдары                                                                                                                              | Жауапкершілік                                                                                           | Қорлар                                                                                                                                | Мүше болу                                                                                                                                                                           |
|---------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Селолық тұтыну                        | алған табысты оның мүшелері арасында бөлу-ге болмайды, ол жарғылық мақсаттарға жіберіледі                                                                                                                                            | жалпы жиналыс, атқарушы, бақы-лаушы органдар                                                                                                   | мүшелері жыл сайынғы ба-ланс бекітіл-геннен кейін үш ай ішінде қосымша жарналар жолымен жабуға міндетті | пай; бөлін-бейтін; село-лық тұтыну кооперативін дамыту; ре-зервтік; пайшыларды ынта-ландыру және әлеуметтік қолдау қорла-ры және т.б. | 18 жасқа тол-ған азаматтар мен заңды тұлғалар                                                                                                                                       |
| Су пайдаланушылардың селолық тұтыну   | алған табысты оның мүшелері арасында бөлуге болмайды, ол жарғылық мақсаттарға жіберіледі                                                                                                                                             | жалпы жиналы-сы (уәкілдер жи-налысы; су пайдалану учаскелері мү-шелерінің жина-лысы; байқаушы кеңесі; атқарушы органы                          | өз міндеттеме-лері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруге                                   | пай                                                                                                                                   | жүктелген аумақта жер учаскелерін иеленуші (пайдаланушы) және сәйкесті гидротехника қондырғылары болу тиісті                                                                        |
| Өндірістік                            | салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төлен-геннен кейін қал-ған таза табыс кооперативтің толық қарамағын-да қалады және оның мүшелерінің жалпы жиналысы мен кооперативтің құрылтай құжатта-рында көрсетілген мақсаттарға бөлінеді | жалпы жиналыс, атқарушы, тексеруші органдар мен байқаушы кеңесі                                                                                | кооператив мүшелерінің кооператив міндеттеме-лері бойынша қосымша (жәрдемақы-лық) жауапкершілігі болады | жарғылық, резервтік, материалдық және т.б.                                                                                            | өндірістік кооперативке жасы он алтыға толған, кооператив мүшесі болуға тілек білдірген және оның қызметіне жеке еңбегімен қатысуға қабілетті кез-келген жеке тұлға мүше бола алады |
| Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі | алған таза табы-сын кооператив мүшелерінің арасында бөлу ауылшаруашылық кооперативінің жарғысына сәйкес кооператив мүше-лерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі                                                         | жоғары орган – кооператив мүшелерінің жалпы жиналы-сы; атқарушы орган – төраға басшылық ете-тін басқарма; бақылау органы – тексеру ко-миссиясы | кооператив өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді                     | пай, резервтік                                                                                                                        | пай сатып алған, сондай-ақ осы Заңда және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысында белгіленген басқа да құқықтары мен міндеттері бар жеке (немесе) заңды тұлға                       |

Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі жүктелген аумақта жер учаскелерін иеленуші (пайдаланушы) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығының қажеттері үшін гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды бірлесіп басқару үшін мүшелік негізгі ерікті бірлестігі, су пайдаланушылардың селолық

тұтыну кооперативі деп танылады, ол коммерциялық емес ұйым.

Өндірістік кооператив – азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың жеке еңбегімен қатысуына және мүшелерінің мүлкітік жарналарын (пайларын) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі болып танылады.

Ауылшаруашылық өндірістік кооперативі ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруде, қайта өңдеуде, өткізуде, сақтауда, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауда, кредиттеуде, сумен қамтамасыз етуде немесе кооперативтің мүшелеріне, сондай-ақ кооперативтің қауымдасқан мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсетуде олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірлескен өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаларды ерікті түрде біріктіру жолымен мүшелік негізінде құрылатын өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Құрылтайшылардың саны барлық кооперативтер түрлері бойынша екеуден кем емес болуы керек, ал ауылшаруашылық өндірістік кооперативі кемінде үш құрылтайшының шешімі бойынша құрылады.

Ауыл шаруашылығындағы кооперативтердің саны мен сапалық дамуы осы саланың тұрақты дамуы талаптарына, өз мүшелерінің қызығушылықтарын және мемлекеттің бағдарламаларын толықтай қанағаттандыра алмай отыр. Біріккен тауар өндірушілердің көлемі қазіргі кезде Қазақстанда көп емес.

Осы ауылшаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау орталық және жергілікті деңгейдегі уәкілетті органдарымен іске асырылуда.

Заң талабына сай Орталық орган ақпараттық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсетуге; қолайлы салықтық, қаржы-кредиттік, инвестициялық саясатты құру; ауылшаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау бойынша ұсыныстар әзірлеуге; ауыл шаруашылығы кооперациясы үшін кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға және ауыл шаруашылығы кооперациясы мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдеседі.

Жергілікті уәкілетті орган ауылшаруашылық кооперативтеріне және олардың мүшелеріне шығаратын өнімінің ассортименті бойынша сауда орындарын тағайындай отырып, өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастырады; ауылшаруашылық кооперативтерінің өнімін сату үшін коммуналдық базарларда сауда орындарын жеңілдікті шарттармен ұсынады; ауылшаруашылық

кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің тәжірибесін тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады; ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін қаржы ұйымдарының инвестициялары мен кредиттерін тарту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру мен дамыту, оларды жаңғырту үшін жағдайлар жасау, сапа менеджментінің халықаралық жүйелеріне көшіру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді; ауыл шаруашылығы кооперациясының ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жағдайлар жасайды (2-сілтемені қараңыз).

Осыған орай кооперативтердің еліміздің әрбір өңірінде тұрақты дамуына жергілікті бюджет көлемінен бөлінетін қаржылар мен жергілікті биліктің жетекшілігі мен қолдауы әсер етеді деп сенімдіміз.

Ауылшаруашылық кооперативтерін тұрақты дамыту жолына қою үшін ақпараттық насихат жұмысын, жақсы үлгілерді тарату жұмысын жалғастыру қажет. Олардың даму мәселелері туралы ақпаратты барлық пайдаланушыларға қол жетімді ету керек.

Қазіргі кезде түрлі уәкілетті мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат тарату ұйымдары арқылы ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы көптеген бейнематериалдар, дөңгелек үстелдер және т.б. шаралар туралы мәліметтер интернет арқылы ұйымдастыруда. Бірақ бұл мәліметтер жүйесіз орналасқандықтан олармен танысу қиындық туғызады, сол себептен, біздің ойымызша ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы бір ортақ ақпараттық портал болса тиімді болар еді.

АҚШ тәжірибесі көрсеткендей ҚР-ғы Ауыл шаруашылығы Министрлігі «Ауылшаруашылық кооперация» атты мерзімді басылым дайындап, интернет арқылы оны өзінің сайтында орналастырып, оқып үйренуге қазіргі және болашақ кооператив мүшелеріне мүмкіндік ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар осындай басылымда шет ел тәжірибесі, отандық кооперативтердің мәселелері, ғалымдардың зерттеулері мен ұсыныстары жарияланған дұрыс. Сол сияқты кооперативтік білімді тарату Орталықтары айтарлықтай қажет. Осы Орталықтар кооператив мүшелеріне қажетті кеңестер беріп, олардың мәселелеріне қажетті білімдерді тарату қызметтерін іске асыруы қажет-ақ.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1 Акимбекова Г. Особенности становления сельскохозяйственной кооперации в Республике Казахстан [ЭР]. - 2014. – Қолжетімдік тәртібі: <http://www.iamo.de> (қолдану күні 12.12.2016).

2 Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы

2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ [ЭР].- Қолжетімдік тәртібі: <http://adilet.zan.kz> (қолдану күні 10.12.2016).

3 Криворак А.Д. Сельскохозяйственный производственный кооператив. История, теория, перспективы.-Харьков, 2011.-136 с.

4 Жасқайрат Сүндетұлы, Исмаилова А.С., Нөкешева А.Ж. Приоритеты развития аграрного сектора Республики Казахстан// Проблемы агросырынка.-2016.- №2.-С. 16-27.

5 Акимбекова Г.У., Аюлов А.М., Егизбаева Г.К. Қазақстан Республикасы АӨК-дегі шаруашылық жүргізудің шағын формаларын кооперациялау // Аграрлық нарық проблемалары.-2015.-№9.-Б. 79-86.

6 Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 21 шілдедегі N 450. Заңы [ЭР]. -Қолжетімдік тәртібі : <http://www.adilet.kz> (қолдағыс күні 12.12.2016).

7 Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 404. Заңы [ЭР].- Қолжетімдік тәртібі: <http://www.adilet.kz> (қолдағыс күні 12.12.2016).

8 Өндірістік кооператив туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы N 2486. Заңы [ЭР]. -Қолжетімдік тәртібі: <http://www.adilet.zan.kz> (қолдану күні 12.12.2016).

#### ***Рәјдаланған әдебиеттер тізімі***

1 Akimbekova G. Osobennosti stanovlenija sel'skhozajstvennoj kooperacii v

Respublike Kazakhstan [JeR].-2014.-Қолжетімдік тәртібі: <http://www.iamo.de> (қолдану күні 12.12.2016).

2 Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ [JeR].- Қолжетімдік тәртібі: <http://adilet.zan.kz> (қолдану күні 10.12.2016).

3 Krivorak A.D. Sel'skhozajstvennyj proizvodstvennyj kooperativ. Istorija, teorija, perspektivy.-Har'kov, 2011.-136 s.

4 Zhaskajrat Syndetuly, A.S. Ismailova, A.Zh. Nekesheva. Prioritety razvitija agrarnogo sektora Respubliki Kazakhstan// Problemy agrosyryнка.-2016.- №2.-С. 16-27.

5 Akimbekova G.U., Ajulov A.M., Egizbaeva G.K. Қазақстан Республикасы АӨК-дегі шаруашылық жүргізудің шағын формаларын кооперациялау // Аграрлық нарық проблемалары.-2015.-№9.-Б. 79-86.

6 Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 21 шілдедегі N 450. Заңы [JeR]. -Қолжетімдік тәртібі : <http://www.adilet.kz> (қолдағыс күні 12.12.2016).

7 Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 404. Заңы [JeR].- Қолжетімдік тәртібі: <http://www.adilet.kz> (қолдағыс күні 12.12.2016).

8 Өндірістік кооператив туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы N 2486. Заңы [JeR]. -Қолжетімдік тәртібі: <http://www.adilet.zan.kz> (қолдану күні 12.12.2016).